

# Ертеңімізді ойлап, этноауыл салғанбыз

Ержан Әбіш

Облыстық Достық үйінде Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясы болып өтті. Оның жұмысына облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ, Ассамблея мүшелері, ұлттық-мәдени бірлестіктердің, республикалық және облыстық мемлекеттік құрылымдардың жетекшілері, азаматтық сектор мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Ассамблея жұмысының қорытындылары және Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында Мемлекет басшысы жүктеген тапсырмалардың орындалу барысы жайында баяндама жасаған Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы, облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ биылғы жыл аса маңызды саяси шараларға толы болғанын атап өтті. Кезектен тыс Президент сайлауы ұйымшылдықпен өтті, онда ел азаматтарының басым көпшілігі Мемлекет басшысына, ұлт Көшбасшысына, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВҚА үлкен сенім білдірді.

– Осы сайлауалды науқанға біздің шығысқазақстандық Ассамблеяның мүшелері де белсене атсалысты. Өйткені Елбасының өкілеттігін ұзарту туралы бастаманың өзі Шығыстан шықты ғой. Тәуелсіздіктің жасампаз жиырма жылы ішінде экономика мен саясатта үлкен жетістіктерге жеткенімізді өздеріңіз де білесіздер, бірақ біздің ең басты жетістігіміз – бұл бейбітшілік, тұрақтылық, Қазақстан халқының достығы мен келісімі. Жиырма жылда елімізде тұрып жатқан жүз қырықтан астам ұлт пен ұлыс кез келген асуды бағындыра алатын тілегі бір шынайы тұтас халыққа айналды, – деп ойын түйіндеді облыс Әкімі.

Егемен мемлекеттің қалыптасуы кезеңінде ұлтаралық теңдіктің тиімді құқықтық негізі құрылып, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы, тілдер туралы заңдар қабылданды, ал 2010 жылы Ұлт бірлігінің доктринасы дүниеге келді.

Ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеу мен нығайтудағы Ассамблеяның рөлін ары қарай арттыру мақсатында оған конституциялық мәртебе берілді. Ассамблея мүшелерінен ел Парламентіне тоғыз депутаттың сайлануы да көп жайтты аңғартса керек.

– Келесі жылдың басында-ақ бізді тағы бір маңызды саяси оқиға күтіп тұр. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ Жарлығына сәйкес Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы (партиялық тізім бойынша) келер жылдың 15-қаңтарына белгіленді. Ал Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан депутаттарды сайлау 16-қаңтарға жоспарлануда. Осыған орай, мен біздің облыстық Ассамблеяның барлық мүшелерін сайлауалды науқанға белсенді түрде қатысуға шақырамын, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Бұдан соң облыс Әкімі сессияға жиналғандардың назарын қалалық және аудандық Достық үйлері мен ұлттық-мәдени бірлестіктердің жұмысына аударды.

– Өңіріміздегі Достық үйлерінің саны сегізге жетіп отыр, – деді ол. – Биылғы 25-мамырда Бородулиха ауданында, ал 27-маусымда Курчатов қаласында Достық үйлері ашылды.

Облыс басшылығы ұлттық орталықтар өткізетін түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға зор мән беруде. Осы мақсаттар үшін облыстық Достық үйіне қомақты қаржы қарастырылған, оның көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Айталық, былтыр бюджет қоржынынан 34,5 миллион теңге, биыл 47 миллион теңгеге жуық қаражат бөлінілті.

Ұлттық-мәдени орталықтарға қарасты түрлі құрылымдық бөлімшелердің жұмысы туралы айтқан Бердібек САПАРБАЕВ өңір тұрғындарының мақтанышына айналған бірегей жобаны атап өтті. Бұл – Өскемендегі этноауыл.

Онда 16 ұлт өкілінің ерте замандағы үй-жайлары орын тепкені белгілі, сонымен бірге бес үйден тұратын «Шеберлер ауылы» жұмыс істейді, ол жерде ши тоқу, киіз басу, ағаш ою, тас қашау сияқты сәндік-қолданбалы өнер түрлерімен айналысу үшін барлық жағдай жасалған.

# Ертеңімізді ОЙЛАП, ЭТНОАУЫЛ салғанбыз

(Соңы. Басы 1-бетте)


Ұлттық-мәдени бірлестіктер өкілдерінің аталмыш қолөнер кәсіптері мәдениеттердің өзара баюына, ұлтаралық байланыстардың нығаюына септігін тигізеді.

Түрлі бағдарламалар мен жобалар аясындағы тілдік іс-шаралардың өзектілігіне тоқталған аймақ басшысы «Шығыс Қазақстан халқының мәдениеті мен тілдерін түлету мектебі» мемлекеттік мекемесінің тәжірибесін өзгелерге үлгі етті. Он жыл бұрын ашылған мектеп қазақ тілін және өзге ұлттар тілдерін тиімді үйретудің, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің тиімді тәсілдерін қолданып жүр.

Атап өтерлік бір жайт, жас жеткіншектердің тілдерді меңгеруге деген ынта-ықыласы еселеп артып келеді. Мәселен, 2009-2010 оқу жылында мектептегі қырық жеті сыныпта 773 адам оқыған-ды, ал қазіргі кезде оқу топтары алпысқа дейін көбейіп, тәлімгерлер саны мыңнан асты. Олар бүгінгі таңда 14 ұлттың тілін үйренуде.

Жуырда елдің батысы мен оңтүстігінде орын алған қайғылы оқиғаларды тілге тиек еткен облыс Әкімі осы орайда Ассамблея мүшелерінің, Достық үйлерінің ұлтаралық келісімді насихаттау және толеранттылыққа тәрбиелеу жолындағы күнделікті қарбалас жұмыстарының ерекше маңызды екенін қадап айтты.

Баяндамасының қорытындысында



«Шығыс Қазақстан халқының мәдениеті мен тілдерін түлету» мектебінде қазақ тілін екіжылдық бағдарлама негізінде үйрететін 18 сынып және жеделдете оқытатын төрт топ ашылған.

Төртіншіден, «Тәуелсіздіктің жиырма шыңы – жиырма жұлдызды күн» күнтізбесі

тек мәдениет пен салт-дәстүрді, тілді үйретіп қана қоймайды, ол ең алдымен әрбір адамның рухани-патриоттық сезімін оятады. Міне, сондықтан да Ассамблеяның жұмысы қоғамның барлық саласын қамтуы тиіс. Сонда ғана бірлігіміз бекіп, мемлекетіміз табысты өркендей алады, – деді ол.

Сессия жұмысының соңында Ассамблеяға қатысушылар барлық шығысқазақстандықтарға Үндеу қабылдады. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ достық пен ұлтаралық келісімді нығайтудағы белсенді жұмыстары үшін аудандық және қалалық Достық үйлерінің, этномәдени орталықтардың бір топ мүшелеріне наградалар табыс етті.

## Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ:

– Биыл мемлекетіміз, халқымыз үшін ерекше жыл екенін білесіздер. Бір қуаныштысы, біздің бүгінгі сессиямыз ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында өтуде. Осы мерейтой алдында барлық мекеме-ұжымдарда жиырма жылда атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беру, талдау іс-шаралары жүріп жатыр.

Біздің ең басты байлығымыз – ұлттардың арасындағы татулық, оны көзіміздің қарашығындай сақтап, жастарға үйретуіміз керек. Соның нәтижесінде елімізде ешқандай этносаралық ұрыс-керіс, кикілжің жоқ, экономикамыз дамып, халқымыздың әл-ауқаты, жағдайы жақсарып жатыр. Осының барлығына үлкен үлес қосатын – Сіздер! Этномәдени орталықтардың халықтар арасындағы достықты сақтаудағы орны бөлек. Біз Қазақстанды ары қарай дамытып, бейбітшілікті нығайту жолында жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Алдағы ел мерейтойын жоғары деңгейде қарсы алуымыз үшін әр азамат өз үлесін қосуы тиіс.

8-қараша күні Астанада тұңғыш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуметтік жауапкершілік форумы өтті. Форум Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамыту және әлеуметтік жаңғырту үдерісіндегі рөлін күшейту жөніндегі берген тапсырмасын орындау мақсатында ұйымдастырылды.

Бизнес қауымдастықты Қазақстан этностарының тарихи отандарымен байланысын пайдалана отырып, экономиканы дамытуға тартуды мақсат еткен форумда этномәдени бірлестіктердің кәсіпкерлікті, қолөнерді дамыту салаларындағы жобалары таныстырылды.

Онда «Шығыс Қазақстан орыс мәдени орталығы» қоғамдық ұйымының жетекшісі Николай Зайцев «Қолөнершілердің ресурстық орталығы» жобасын, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Квансон» қазақ-корей колледжінің директоры Никифор Кан жетім балаларды, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан жеткіншектерді тегін оқыту, аймағымызға корейлік туристерді тарту жобасын, Шығыс Қазақстан татар мәдени орталығының жетекшісі, «Конный двор» серіктестігінің директоры Фабдуллах Ишмуратов мүмкіндіктерін шектеулі балаларды сауықтыру, жастардың, сондай-ақ соғысардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің жазғы демалысын ұйымдастыру, туризмді дамыту, өңір тұрғындарына атқа міну, шаңғы тебу секілді демалыс түрлерін ұсыну жобасын таныстырды.

Бердібек САПАРБАЕВ Елбасының осы жылдың сәуір айындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында барша қазақстандықтарға жүктеген міндеттері мүлтіксіз орындалуы тиіс екендігін ескертті.

Ол үшін біріншіден, Достық үйлері, Ассамблея мүшелері, барлық мемлекеттік органдар жалпыұлттық бірлікті күшейту жөніндегі жұмысты жалғастырулары керек.

Екіншіден, еліміздің барша азаматтары инновациялық даму, экономикалық жаңару, техникалық прогресс идеялары аясында топтасулары тиіс.

Бұл бағытта ұлттық-мәдени бірлестіктер белсенді жұмыс атқара алады және атқарулары қажет. Айталық, Астанада өткен Ассамблеяның әлеуметтік жауапкершілік форумында біздің облыс үш әлеуметтік жобаны ұсынған. Аталған жұмысты жалғастырып, жандандыра түскен жөн.

Үшіншіден, барлық ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі басым бағыттардың бірі болып қала бермек. Осы мақсатта

шеңберінде осы жылғы 30-қарашада Ұлттық бірлік күнін ұйымдастыру жоспарланған. Оны өте жоғары деңгейде өткізу қажет.

Ассамблея сессиясына қатысушылар, атап айтсақ, Зырян қаласындағы неміс ұлттық-мәдени бірлестігінің жетекшісі Виктория Ивлева, облыстық украин ұлттық-мәдени бірлестігінің мүшесі Эва Теут, облыстық орыс ұлттық-мәдени бірлестігінің жетекшісі Любовь Князева, «Алтын арқау» бірлестігінің төрағасы Сағымбек Ақанов өз сөздерінде баға жетпес байлығымызды – тұрақтылық пен татулығымызды, береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтау керектігімізді баса айтты. Себебі, осы күндізгіліктер: Отанымыздың өсіп-өркендеуіне, оның алға қарай қарыштап қадам басуына мүмкіндік туғызып отыр.

Семей қаласындағы орыс әлеуметтік-мәдени орталығының жетекшісі Михаил Паниннің баяндамасы әсерлі әрі нақты болды.

– Қазақстан халқының Ассамблеясы

## Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясына қатысушыларының ҮНДЕУІ

### Құрметті шығысқазақстандықтар!

Биыл еліміз Тәуелсіздіктің жиырма жылдығын, бейбітшіліктің, келісім мен жасампаздықтың жиырма жылдығын мерекелеуде!

Тәуелсіздік алдық, мемлекетіміз құрылды, экономикамыз өрлеуде, яғни, осы жылдар ішінде демократияландыру бағытындағы жалпы құрылымымызда түбегейлі өзгерістер болды. Этностардың салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін сақтау үшін барлық жағдайлар жасалған. Ұлтаралық келісім жаңадан құрылған, дамып келе жатқан демократиялық мемлекеттің алдындағы басты мақсат болып табылады.

«Бір ел – бір тағдыр» ұстанымына негізделген келісім мен бірлік ұлт Көшбасшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ саясатының негізі екені сөзсіз.

Бейбітшілік пен келісімді нығайтудың және сақтаудың қажеттілігі, әсіресе біздерге, шығысқазақстандықтарға, Семей ядролық полигонынан зардап шеккен көпұлтты халыққа жақсы түсінікті.

Бүгінгі күні Отанымыздың барлық азаматтарымен бірге шығысқазақстандықтардың алдына ұлы мақсаттар мен міндеттер қойылды: ол – еліміздің индустриалды-инновациялық дамуын жеделдетуді қамтамасыз ету, өміріміздің сапасын жақсарту, тілімізді, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, туған жерге деген махаббатымызды сақтау және оларды келешек ұрпаққа жеткізу. Елбасымыз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ маңайына топтаса отырып, біз бұл мақсаттарды міндетті түрде орындаймыз.

Сонымен қатар, біз барлығымыздың өткеніміз бен бүгінгіміздің ортақ екенін ұмытпауымыз қажет, сондықтан Отанымыздың этносаралық және конфессияаралық келісімін сақтау әрқайсымыздың азаматтық ұстанымымызға байланысты.

2011 жыл – Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы. Бұл жыл барлығымызға жаңа жетістіктерге жету, еліміздің индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру, әлемдік кеңістікте Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жылы болмақ. Біздің көпұлтты мемлекетіміз діни мен мәдениеті сан түрлі этностардың бейбіт тату өмір сүріп жатқанын мақтан етеді.

Біз, Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясына қатысушылар, соңғы уақыттағы экстремистік топтардың іс-әрекеттерін қатаң түрде айыптаймыз. Біз еліміздің барлық азаматтарын бірлікке, тосын жағдайларға дайын болуға шақырған ұлт Көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫ әрқашан қолдаймыз! Діни экстремизм және терроризмге қарсы күреске әрқайсымыз қатысуымыз қажет!

Жаңа 2012 жылы маңызды қоғамдық-саяси оқиға – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы өткізілмек. Барлық азаматтарды сайлауға белсенді түрде қатысуға шақырамыз!

Бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барлығымыздың басты мұратымыз!